

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директоры 2000 жылғы 12 қазан N 680. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 қараша N 1306 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдары қызметтерінің жағдайын оңтайландыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидалары 8-тармағының және аталған қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидалары 11-тармағының негізінде Ұлттық комиссияның Директораты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банктегі инвестициялық есепшоттарындағы және осы қордың кастодиан-банкінің шетелдегі кастодиан-банктердегі корреспонденттік есепшоттарындағы жиынтық ақшасын қоса алғанда жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялауға арналған ақша қалдығының ең жоғары мөлшері осы қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу жөніндегі уәкілетті органға зейнетақы активтерін өсімпұл есептеусіз инвестициялау мерзімін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуі талап етілмеген кезде, осы қордың зейнетақы активтерінің м ө л ш е р і :

- 1) бір миллиард теңгеге дейін болғанда - 400.000 (төрт жүз мың) теңге;
- 2) бір миллиард теңге және одан да көп болғанда - зейнетақы активтері мөлшерінің 0,1%-і болып белгіленсін.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 177 қаулысымен .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап не Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің осы Қаулының тіркеуге жатпайтындығы туралы хаты алынған күннен бастап күшіне

енетіндігі

белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өзінің мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және талдау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның және кастодиан-банктердің ("Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның кастодианы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса) назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасау жүктелсін.

Ұ Л Т Т Ы Қ К О М И С С И Я Н Ы Ң

төрағасы